

1. №3 Семинар сабағының тақырыбы. Тарихи деректердің ғылым мен рухани құндылықтардың ерекше маңызды саласы ретіндегі орны

2. Сабақтың мазмұны:

1. Қазақстанды жаңғыртудың кеңестік үлгісі.
2. Отан тарихындағы саяси қуғын-сүргіннің зерттелуі.

3. Сабақтың мақсаты мен міндеттері: Түркі халықтарының рухани өміріне тоталитарлық басқару жүйесінің тигізген әмерін талқылай отырып, ғылыми еңбектерге жан-жақты талдау жасау арқылы түркі халықтарының қуғындалу тарихының өзекті мәселелерін қарастыру.

4. Техникалық және инструментальдық құралдары: интерактивті тақта, плакаттар, проектор сызба-кестелер.

5. Сабақтарды өткізу тәртібі. XX ғасырдың 80-жылдарының соңындағы тарихи білімдерді идеологиясыздандыру Кеңестік кезеңдегі Қазақстан тарихын зерттеу саласында қарқынды зерттеушілік ізденістер кеңістігіне шығуға мүмкіндік берді. Бұл ретте теориялық тұғырнамалық бағыттардың тұтас бір объективті қатары қалыптасты, жаңа ғылыми-танымдық және әдіснамалық аппарат игерілді.

80-жылдардың соңында қазақстандық тарихнамада алғаш рет Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғалымдары күштеп ұжымдастыру, байларды тәркілеу, саяси қуғын-сүргін, 1931-1933 жылдардағы жаппай аштық, шабындықты-көшпелі шаруашылық кешенін және бүкіл дәстүрлі агроқұрылымды күйрету жағдайларымен байланысты трагедиялық оқиғаларды кешенді түрде зерттеуге кірісті^[13]. 1988 жылы алғаш рет академик М.К. Қозыбаевтың бастамасымен «Қазақстанда және Орта Азия республикаларында ауыл шаруашылығын ұжымдастыру: тәжірибе және проблемалар» атты Бүкілодақтық ғылыми конференция ұйымдастырылып, онда 20-30-жылдар басындағы трагедияның себептері мен салдарлары талқыланды.

Академик М.Қ. Қозыбаев жетекшілік етіп, құрамына ғалымдар К. Нұрпейісов, Ғ.С. Сапарғалиев, Ж.Б. Әбілғожин, М.К. Қойгелдиев, К.С. Алдажұманов, Т.О. Омарбеков, М.Б. Тәтімов, В.К. Григорьев, Ю.И. Романов, М.Ж. Хасанаев және басқалар енген К.Р. Жоғарғы Кеңесі арнаулы комиссиясының (1991 жыл) жұмысы нәтижесінде бұрын құпия жатқан құжаттар ашылып, 30-жылдардағы аштық пен саяси қуғын-сүргіннің қаралы ақиқатын зерделеуге қол жеткізілді. Осымен бір уақытта, 90-жылдардың басынан, Қазақстанға көшіріліп әкелінген халықтардың тарихы да зерттеле бастады. 90-жылдардың бас кезінде алғаш рет мемлекеттік деңгейде қуғын-сүргінге ұшырағандарға және ұжымдастыру мен жаппай террор кезеңінде зардап шеккендерге қатысты зерттеулер жүргізу және әділетті қалпына келтіру проблемалары күн тәртібіне қойылды. 1993 жылы 14 сәуірде

Қазақстан Республикасының қазірде қолданыстағы «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Заңы қабылданды.

Өзгеріс тек 80-жылдардың соңында, қоғамдық күштердің талап етуімен мерзімді баспасөз беттерінде саяси қуғын-сүргін құрбандары туралы жарияланымдар қайтадан көріне бастаған кезде қылаң берді, тек сонда ғана ауыл шаруашылығын ұжымдастыру мен тұрғындардың аштықтан жаппай қырылуының шынайы тарихын қалпына келтіру туралы мәселе алғаш рет қойылды. 80-жылдардың соңында академик Б.А. Төлепбаевтың, ол кезде ҚР Ұлттық ғылым академиясының мүше-корреспонденті К. Нұрпейісовтің дарихшы-ғалымдар М.К. Қойгелдиевтің, В.К. Григорьевтің, әдебиеттанушы Т. Кәкішевтің және басқалардың бастамасымен, ХХ ғасырдың басындағы қазақ халқының ұлт-азаттық күресіндегі Алаш қозғалысы және Алашорданың алатын орны мен рөлі туралы мәселе алғаш рет талқыланды. Көп ұзамай Ш. Кұдайбердиев, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов және басқа да көптеген ұлттық мәдениеттің аса көрнекті өкілдері, Алаш қозғалысының көсемдері мен мүшелері ақталды. Олардың шығармашылық мұралары көп жылдар өткеннен кейін қайтадан халықтың рухани игілігіне айналып, қоғамдық пікірде үлкен дүмпу тудырды. Алаш азаматтарын саяси тұрғыдан ақтауға (олардың қылмыстық-азаматтық істері, қылмыс құрамы жоқ болуына байланысты, 60-жылдардың бас кезінде-ақ тоқтатылған болатын) республиканың мемлекет және қоғам қайраткерлері, сондай-ақ сол кезде Қазақстан Компартиясы ОК комиссиясының құрамына енген ғалымдар Ө. Жәнібеков, Ә. Кекілбаев, Ж.М. Әбділдин, Р.Б. Сүлейменов, Ә.Т. Қайдаров, Р.Ғ. Сыздықова, С.А. Қасқабасов, С.С. Қирабаев және басқалар көп күш салды.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі арнаулы комиссиясының (1991 жылы қарашада құрылған) қызметі арқасында бұрын мұрағаттарда құпия жатқан құжаттар көтерілді, олардың ішінде ОГПУ-НКВД мұрағаттары, БК(б)П ОК және Қазақстан К(б)П ОК-нің «Ерекше папкаларда» сақталған материалдары да бар. 20—30-жылдары кеңестік азаматтарды аса ауқымды түрде саяси қуғындау мен ізіне түсу әрекеттерін жүргізуге негіз болған партиялық және мемлекеттік органдардың заңды бұрмалаушылық актілері мен қаулыларына баға берілді. Қазіргі кезде бұл жұмыстардың нәтижелері көпшілікке белгілі болып отыр. Комиссия жұмысының қорытындыларын Жоғарғы Кеңес қуаттады, комиссия қорытындысы 1992 жылдың 21 және 22 желтоқсанында республикалық баспасөз беттерінде жарияланды.

6. Деңгейлік тапсырмалар:

1. Саяси қуғын-сүргін тарихы жөніндегі кеңестік тарихнама мен тәуелсіз Қазақстан тарихнамасын салыстырыңыз?
2. саяси қуғын-сүргін тарихын зерттеудің тарихи маңыздылығын атаңыз? түсіндіріңіз

7. МӨЖ және ОБМӨЖ тапсырмалары:

1. Кеңестік тарихнамада қуғын-сүргіннің зерттелу мәселелері.
2. Бүгінгі таңдағы қуғын-сүргіннің зерттелу мәселелері.

Пайдаланылатын әдебиеттер:

1. Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы. Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі №2200 Заңы
2. Шаймуханова С.Д. Политические репрессии в Казахстане (30-40-е начало 50 х. гг). – Караганда, 2000.
3. Қойгелдиев М. Жалпыхалықтық қасіретті естен шығару қоғамның өзі үшін де қауіпті //Алаш айнасы.- №92. - 31 мамыр, 2011 жыл.
4. Мамраев Б.Б. Основные тенденции развития казахской литературы первой четверти XX века. – Алматы: Ғылым, 1998. – 262 с.
5. Кошенова Р.Н. Возвращенные имена: научное издание. – Алматы: Рауан, 1996. - 96 с.
6. Мусин Ш. Өлең. Өмір. Өнер: Жарлары мен жазбалары: тар заманның тарланы Ш.Мусин туралы мақалалар, естеліктер, өлең-арнаулар. – Алматы: Арыс, 2000. – 254 б.
7. Кузнецова Е.Б. Кровавый тридцать седьмой. – Караганда: ТОО ТАиС, 2011. – 162 с.
8. Кузнецова Е.Б. Карлаг: пространство и судьбы: научное издание. – Караганда: «Tengri Ltd», 2012. – 105 с.
9. Қарлаг: Қапастағылар қаламынан. – Қарағанды: Болашақ – Баспа, 2009. – 250 б.
10. ГУЛАГ (КАРЛАГ) в творчестве и судьбах художников: выставка репродукции / Гаврилова Е.П. – Караганды: Семира, 1999. – 19 с.
11. Могильницкий В.М. Великие узники Карлага: документальные очерки. – Караганда: Гласир, 2013. – 433 с.
12. Қойгелдиев М.Қ. Тұтас Түркістан идеясы және Мұстафа Шоқайұлы. – Алматы: Қазақ университеті, 1997. – 53 б.
13. Әлмашұлы Ж. Сұлтанбек Қожанов. – Алматы: Кітап, 1994. – 125 б.
14. Әлмашұлы Ж. Нәзір Төрекұлұлы. – Алматы: Жеті жарғы, 1996. – 132 б.
15. Жораева Г.Т. Алаш зиялыларының тарихы мен тағдыры (XIX ғасырдың соңы - XX ғасырдың I жартысы): Оқу құралы. - Шымкент: «Нұрлы Бейне» баспасы, 2024. -180 бет.
16. Тлеулин Ж. Жумағали Тлеулин – деятель «Алаш-Орды». – Алматы: Жибек жолы, 2005. – 215 с.
17. Қойшыбаев Б. Әлихан Бөкейханов. – Алматы: Жеті Жарғы, 2001. – 160 бет.